



**БҰЙРЫҚ**

11.03.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 189-Ө

город Нур-Султан

**Мүлікті және істерді  
басқарудан шеттету туралы**

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Казинвест-Астана» ЖШС банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2017 жылғы 07 қыркүйектегі №450-Ө бұйрығымен «Казинвест-Астана» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Жексембай Кабдибекович Акитаев тағайындалған.

Кредиторлар жиналысының 2021 жылғы 11 ақпандағы хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Казинвест-Астана» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Жексембай Кабдибекович Акитаев шеттетілсін.

2. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы «Казинвест-Астана» ЖШС құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Е.Т. Далбинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Қ. Исақов